



Redmi
by Xiaomi

Redmi 9A
Пайдаланушы нұсқаулығы



Дыбыс деңгейі
батырмалары

Қосу батырмасы

USB порты



Redmi 9A таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз

Құрылғыны іске қосу үшін қосу батырмасын басып ұстаңыз.
Құрылғыны реттеу үшін экрандағы нұсқаулықты орындаңыз.
Қосымша ақпарат алу үшін біздің ресми веб-сайтымызға кіріңіз:
www.mi.com/global/service/userguide

MIUI

Redmi 9A алдын ала орнатылған MIUI ОЖ-мен, яғни Android негізінде реттелетін ОЖ-мен жабдықталған. Оның жиі жаңартылуы қарастырылған және де ол дүние жүзі бойынша 200 миллионнан астам белсенді пайдаланушы ұсыныстарын ескере енгізілген қолайлы функциялардан тұрады. Қосымша мәліметтерді en.miui.com сайтынан қараңыз.

SIM-карта ұяшығы:



Екі SIM-картаны қолдау мүмкіндігі туралы:

- Екі 4G SIM-картасын қолдау жергілікті операторлардың ұялы байланыс стандарттарына байланысты және ол барлық аймақтарда қолжетімді болмауы мүмкін.
- Екі Nano SIM-картасының пайдалануын қолдайды. SIM-карталарға арналған екі слотты пайдаланған кезде негізгі карта ретінде кез келгенін таңдауға болады.
- VoLTE технологиясына тек кейбір аймақтарда байланыс операторлары тарапынан қолдау көрсетіледі.
- Жүйе желі өнімділігін оңтайландыру үшін автоматты түрде жаңартылады. Құрылғыда пайдаланылатын жүйе нұсқасын ескере отырып, қосымша мәлімет алуға болады.
- SIM-карта слотына стандартты емес SIM-карталарды салуға болмайды. Олар SIM-карта слотын зақымдауы мүмкін.
- ЕСКЕРТУ. Құрылғыны бөлшектемеңіз.





Электрлі және электронды жабдық қалдықтары



Бұйымды қауіпсіз кәдеге жарату үшін арнайы сақтық шараларын орындау қажет. Бұл таңбалама осы өнімді ЕО аумағында басқа тұрмыстық қалдықтармен бірге кәдеге жаратуға болмайтынын білдіреді. Орынсыз қоқыс шығару салдарынан қоршаған ортаға және адам денсаулығына зиян келтірмеу үшін және материалдық ресурстардың қауіпсіз қайта пайдаланылуына ықпал ету мақсатында құрылғыны тиісінше кәдеге

жаратыңыз.

Істен шыққан құрылғыны қауіпсіз қайта өңдеу үшін оны электроника қабылдау пункттеріне немесе алғашқыда сатып алынған бөлшек сауда дүкеніне өткізіңіз.

Қоршаған ортаға қатысты декларациямен келесі сілтеме бойынша танысуға болады:
www.mi.com/en/about/environment

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АККУМУЛЯТОРДЫҢ ДҒҰРЫС ЕМЕС ТҮРІН ПАЙДАЛАНУ ЖАРЫЛЫСҚА ӨКЕП СОҚТЫРУЫ МҮМКІН.
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН АККУМУЛЯТОРЛАРДЫ НҰСҚАУЛЫҚҚА СӨЙКЕС КӨДЕГЕ ЖАРАТЫҢЫЗ.



Есту қабілетіне зақым келтірмеу үшін дыбысын ұзақ уақыт бойы жоғары деңгейінде тыңдамаған жөн. Қауіпсіздік техникасы және сақтық шаралары туралы қосымша ақпаратты келесі сілтеме бойынша алуға болады:
www.mi.com/en/certification

Қауіпсіздік техникасы туралы маңызды ақпарат

Құрылғыны пайдалану алдында қауіпсіздік техникасының барлық ережелерімен танысып шығыңыз.

- Бөгде кабельдерді, қуат адаптерлерін немесе аккумуляторларды пайдалану өрт, жарылыс не басқа қауіпті жағдайлар орын алуына өкел соқтыруы мүмкін.
- Құрылғыңызбен үйлесімді аксессуарларды ғана пайдаланыңыз.
- Құрылғының жұмыс температурасы аралығы 0°C-ден 40°C-ге дейін. Телефонды осы температура аралығынан тыс пайдалану оның зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Егер құрылғы кірістірілген аккумулятормен жабдықталса, аккумуляторды немесе құрылғыны зақымдап алмау үшін кірістірілген аккумуляторды өз бетіңіше алмастыруға әрекеттенбеңіз.
- Құрылғыны тек бірге берілген немесе рұқсат етілген кабель және қуат адаптерімен ғана қуаттаңыз. Басқа адаптерлерді пайдалану өртке, электр тоғы соғу қаупіне және құрылғы мен адаптердің зақымдалуына әкелуі мүмкін.
- Қуаттаған соң адаптерді құрылғыдан ажыратып, оны розеткадан шығарып алыңыз. Құрылғыны 12 сағаттан артық қуаттамаңыз.





- Аккумуляторларды тұрмыстық қалдықтардан бөлек қайта өңдеу немесе кәдеге жарату қажет. Аккумуляторды дұрыс қолданбау салдарынан өрт шығуы немесе жарылыс болуы мүмкін. Құрылғыны, сонымен бірге оның аккумуляторы мен аксессуарларын кәдеге жарату немесе қайта өңдеу әрекетін жергілікті заңдарға сәйкес орындау керек.
- Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға, қысуға және жағуға тыйым салынады. Аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, оның пайдалануын дереу тоқтатыңыз.
 - Аккумулятордың қысқа тұйықталуына тыйым салынады, себебі ол қызып кетуіне әкеліп, күйік немесе басқа жарақаттар алу қаупін тудыруы мүмкін.
 - Аккумуляторды қоршаған орта температурасы жоғары орындарда қалдыруға тыйым салынады.
 - Қызып кетуі жарылысқа әкеп соқтыруы мүмкін.
 - Аккумуляторды бөлшектеуге, сындыруға және қысуға тыйым салынады, себебі ол аккумулятор электродтарының ағып кетуіне, қатты қызуына немесе жарылуына әкеп соқтыруы мүмкін.
 - Аккумуляторды жағуға тыйым салынады, өйткені бұл өртке немесе жарылысқа әкелуі мүмкін.
 - Аккумулятордың деформацияланғанын немесе зақымдалғанын байқасаңыз, оның пайдалануын дереу тоқтатыңыз.
- Пайдаланушыға аккумуляторды шешуіне немесе оны ауыстыруына тыйым салынады. Аккумуляторды шешу немесе жөндеу жұмыстары тек уәкілетті сервис орталығы тарапынан орындалуы тиіс.
- Құрылғыны сулауға болмайды.
- Құрылғыны өз бетінше жөндеуге әрекеттенбеңіз. Егер құрылғының қандай да бір құрамдасы тиісінше жұмыс істемесе, МІ клиенттеріне қолдау көрсету қызметіне немесе уәкілетті сервис орталығына хабарласыңыз.
- Басқа құрылғыларды пайдалану нұсқаулығына сәйкес қосыңыз. Бұл телефонға онымен үйлеспейтін құрылғыларды қосуға болмайды.
- Айнымалы ток адаптерлерін пайдаланған кезде ашалы розетка жабдықтың жанына және де оған қол оңай жететіндей орнатылуы тиіс.



Сақтық шаралары

- Белгілі жағдайларда және орындарда ұялы телефондардың пайдалануын шектейтін қолданыстағы заңнама талаптарымен және ережелермен танысыңыз.
- Телефонды жанармай бөктерінде, жарылу қаупі бар орталарда, соның ішінде жанармай құю алаңдарында, кемелердің жабық кеңістіктерінде, отын немесе химиялық заттарды сақтайтын қоймаларда не оларды тасымалдайтын көлік құралдарында, ауасы химиялық заттармен немесе құм, шаң, әлде металл ұнтақтарының ұсақ бөлшектерімен қаныққан орындарда пайдаланбаңыз. Сымсыз құрылғылар (телефон немесе басқа радиожабдық) пайдалануын шектейтін барлық белгі ережелерін ұстаныңыз. Жарылыс жұмыстарына кедергі келтірмеу үшін ұялы телефонды немесе сымсыз құрылғыны жарылыс жұмыстары жүргізілетін орындарда, сондай-ақ рацияны не электронды құрылғыларды пайдалануға тыйым салатын белгілер орнатылған жерлерде өшіріңіз.





- Ұялы телефонды аурухананың ота жасайтын блоктарында, шұғыл жәрдем көрсету пункттерінде және қарқынды терапия бөлімдерінде пайдаланбаңыз. Ауруханаларда және медициналық орталықтарда қолданылатын ережелер мен нормаларды орындаңыз. Егер сіз жеке медициналық құрылғыны пайдалансаңыз, телефонның құрылғыңызға кедергі келтіру мүмкіндігі жөнінде дәрігеріңізден және өнім өндірушісінен кеңес алыңыз. Жүрекширатқыш жұмысына ықтимал кедергі келтірмеу үшін әрдайым ұялы телефон мен оның арасында кем дегенде 15 см қашықтықты сақтаңыз. Ол үшін телефонды жүрекширатқыш орнатылған жаққа қарсы құлағыңызға тақау ұстағаныңыз жөн және де оны төс қалтаға салып жүруге болмайды. Медициналық жабдықтың жұмысына кедергі келтірмеуі үшін телефонды есту аппараттары, кохлеарлы импланттар сияқты басқа да құрылғылардың жанында пайдаланбаңыз.
- Ұшақта қауіпсіздік ережелерін сақтаңыз және қажетінше телефонды өшіріңіз.
- Көлік жүргізу кезінде телефонды жол қозғалысының тиісті заңдары мен ережелеріне сәйкес пайдаланыңыз.
- Жай түсу қаупінен сақтану үшін телефонды найзағай кезінде далада пайдаланбаңыз.
- Телефонды қуаттау барысында қиырау шалу үшін пайдаланбаңыз.
- Телефонды ылғалдылығы жоғары орындарда, мысалы, жуынатын бөлмеде пайдаланбаңыз. Бұл электр тоғы соғу қаупіне, жарақаттарға, өртке немесе қуаттау құрылғысының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Қауіпсіздік туралы мәлімдеме

Телефонның операциялық жүйесін бағдарламалық жасақтамаға кірістірілген жаңарту функциясы көмегімен немесе уәкілетті сервис орталықтары арқылы жаңартыңыз. Бағдарламалық жасақтаманы басқа әдіспен жаңарту құрылғыны зақымдап, деректердің жоғалуына, қауіпсіздік мәселелеріне және басқа тәуекелдерге әкелуі мүмкін.

ЕО нормалары

Радиожабдық нормаларына қатысты сәйкестік декларациясы



Xiaomi Communications Co., Ltd. GSM/GPRS/EDGE/UMTS/LTE байланыс стандарттарын, Bluetooth және Wi-Fi функцияларын қолдайтын осы M2006C3LG сандық ұялы телефонының 2014/53/EU радиожабдығына қатысты директиваның негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. ЕО нормативтік талаптарына қатысты сәйкестік декларациясының толық мәтіні келесі мекенжай бойынша берілген: www.mi.com/en/certification.





Радиожилікті сәулелену туралы мәлімет (SAR)

Бұл құрылғы халық үшін меншікті сінру коэффициентіне (SAR) / бақыланбайтын сәулеленуге қатысты талаптарға сәйкес (бас пен дене үшін SAR шекті мәні 10 г тінге 2,0 Вт/кг тең). Жоғарыда аталған талаптар ЕО Кеңесінің 1999/519/ЕО нұсқауы, иондамайтын сәулеленуден қорғау жөніндегі Халықаралық комиссия нұсқаулары, сондай-ақ радиожабдыққа қатысты 2014/53/EU (RED) директивасы негізінде белгіленген.

SAR нормаларына сәйкестігін тексеру барысында бұл құрылғы барлық сыналатын жиілік аралығында ең жоғары сертификатталған қуат деңгейінде сигнал берді. Оны басқа жақын тақап ұстағанда және денеден 5 мм қашықтықта ұстағанда радиожилікті сәулелері шығуына ұқсас позицияларда болды.

Құрылғының адам денесінен 5 мм қашықтықта жұмыс істеген кезінде өлшенген SAR мәндері негізге алынды. Радиожилікті сәулелену рұқсат етілген немесе өте төмен деңгейде екеніне сенімді болу үшін бұл құрылғыны денеден кем дегенде 5 мм қашықтықта ұстаған жөн. Құрылғыны денеге жақын бекітіп ұстау үшін құрылғы мен дене арасында кем дегенде 5 мм қашықтықты қамтамасыз ететін белдік қыстырғыштарын немесе металл элементтері жоқ несесерді пайдаланыңыз. Құрамында металл элементтері бар дене аксессуарларын таққандағы радиожилікті сәулеленудің нормаларға сәйкес болуы тексерілмеген және сертификатталмаған, сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн.

Сертификаттау туралы мәліметтері (SAR шекті мәндері)

10 г SAR шекті мәні: 2,0 Вт/кг.

Бас үшін SAR мәні 0,398 Вт/кг, дене үшін — 1,186 Вт/кг (5 мм қашықтықта) құрайды.

Заңды ақпарат

Бұл құрылғыны ЕО-тың барлық елдерінде пайдалануға болады.

Құрылғыны жалпы мемлекеттік және жергілікті ережелерге сай пайдаланыңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану Интернет провайдеріне байланысты шектелуі мүмкін.

Қабылдау құрылғысының санаты 2

Пайдаланылатын қуат адаптері IEC/EN 62368-1 регламентінің 6.4.5 тармақ талаптарына сәйкес болуы тиіс. Оның ұлттық немесе аймақтық стандарттарға сәйкес тексерілуі және мақұлданыуы қажет.





Жиілік диапазоны мен қуаттылығы

Бұл ұялы телефон ЕО аумағында ғана келесі көрсетілген жиілік диапазоны мен радиожілікті сигналдың ең жоғарғы деңгейінде жұмыс істейді.

GSM 900: 35 дБм

GSM 1800: 32 дБм

UMTS 1/8 жиілігі: 25 дБм

LTE 1/3/7/8/20/28/38/40 жиілігі: 25,7 дБм

Bluetooth: 20 дБм

2,4 ГГц жиіліктері Wi-Fi: 20 дБм

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия нормалары

Бұл ұялы телефон Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне сәйкес келеді. Оның жұмысы келесі екі шартқа негізделген: 1) құрылғы зиянды кедергілер келтірмеуі тиіс; 2) бұл құрылғы кез келген кедергі туындағанда, сондай-ақ оның жұмысына кері әсер тигізетін кедергілер болған жағдайда да жұмыс істеуі тиіс. Бұл ұялы телефон сынақтан өткізіліп, байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ережелерінің 15-бөліміне сай В класындағы сандық құрылғыларға қойылатын талаптарға сәйкес деп танылған.

Бұл талаптар тұрғын үй-жайларда зиянды кедергілерден тиесілі қорғауды қамтамасыз етеді.

Бұл жабдық радиожілікті энергиясын өндіреді, пайдаланады және оны тарата алады, сондай-ақ нұсқауларға сәйкес орнатылмаса не пайдаланылмаса, радиобайланыс үшін зиянды кедергілер келтіруі мүмкін.

Дегенмен кедергілердің белгілі бір орнату жұмысы кезінде туындамайтынына кепілдік бермейміз. Егер бұл құрылғы теледидар мен радиосигналдарға кедергі келтірсе (мұны жабдықты өшіріп, қайта қосу арқылы анықтауға болады), пайдаланушыға келесі бір немесе бірнеше тәсілді қолданып, кедергілерді жоюға болады:

- қабылдау антеннасының бағыты мен күйін өзгертіңіз;
- жабдықты пен қабылдағыш арасындағы қашықтықты арттырыңыз;
- жабдықты қабылдағыш жалғанған басқа тізбектегі розеткаға қосыңыз;
- сатушы немесе теле және радиожабдық жөніндегі білікті техника маманынан кеңес алыңыз.

Радиожілікті сәулелену туралы мәлімет (SAR)

Бұл құрылғы радиожілікті сәулеленуге қатысты мемлекеттік стандарттар талаптарына сәйкес келеді. Құрылғы радиожілікті (РЖ) энергия сәулеленуінің шекті мөндерінен аспайтындай етіп жобаланып жасалған. Сымсыз құрылғылар үшін сәулелену дозасының стандарты ретінде салыстырмалы сіңіру коэффициенті (SAR) пайдаланылады.





Байланыс жөніндегі Федералды комиссия тарапынан 1,6 Вт/кг тең максималды рұқсат етілген SAR мәні бекітілген. Бұл құрылғы адам денесіне жақын етіп пайдалану үшін сыналған. Егер құрылғы құрамында металл жоқ аксессуарлармен бірге қолданылып, оны денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта ұстауға мүмкіндік болса, ол радиожілілік сәулелену байланысы жөніндегі Федералдық комиссияның талаптарына сәйкес келеді. Құрамында металл элементтері бар дене аксессуарларын тақандағы радиожілікті сәулеленудің нормаларға сәйкес болуы тексерілмеген және сертификатталмаған. Сондықтан мұндай аксессуарларды тақпаған жөн. Бұл телефонмен адам денесіне тікелей жақындықта қолданылатын кез келген аксессуар денеден кем дегенде 1,5 см қашықтықта болуы керек.

Байланыс жөніндегі Федералдық комиссия ескертпесі

Бұйымның нормативтік талаптарға сәйкестігі үшін жауапты тарапы мақұлдамаған өзгерістерді немесе түрлендірулерді енгізу пайдаланушыны жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

Электронды затбелгі

Бұл құрылғының сертификатталуы туралы мәліметтері көрсетілген электронды затбелгілік бар. Оны көру үшін "Параметрлер" > "Телефон туралы" > "Сертификация" тармағын немесе "Параметрлер" таңдап, іздеу жолағына "Сертификация" деп теріңіз.

Модель: M2006C3LG.

"2006" таңбаламасы өнімнің нарыққа 2020 жылдың маусым айынан кейін шығатынын білдіреді.

Міндеттемелерден бас тарту

Бұл пайдаланушы нұсқаулығы Xiaomi компаниясы немесе жергілікті үлестес компания тарапынан басып шығарылған. Xiaomi компаниясы типографиялық қателерге, ағымдағы мәліметтердің дәлсіздігіне немесе бағдарламалар мен жабдықты жақсартуына байланысты осы пайдаланушы нұсқаулығына кез келген уақытта және ескертусіз өзгерістерді не түзетулерді енгізуі мүмкін. Мұндай өзгерістер ағымдағы пайдаланушы нұсқаулығының жаңа шығарылымдарына енгізіледі. Барлық суреттер тек сипаттау үшін берілген, олар атаулы құрылғының нақты бейнесін көрсетпеуі мүмкін.





Өндіруші: Сяоми Коммьюникейшнз Ко., Лтд.
#019, 9 қаб., 6 ғим, Си'эрци орталық өтпе жолы, 33 үй, Хайдянь ауданы, Бейжің қ., Қытай.

"Импортёр / юр.лицо, принимающее претензии в Казахстане:
ТОО «DNS KAZAKHSTAN», г. Нур-Султан, пр. Сарыарка, дом 12, офис 301С, Казахстан.

Импорттаушы / Қазақстан шағымдар қабылдайтын заңды тұлға:
«DNS KAZAKHSTAN» ЖШС, Нур-Султан қ., Сарыарқа даңғ., 12-үй, 301С-кеңсе, Қазақстан."

Өнімді сертификаттау жөніндегі орган: «Трастсерт» жауапкершілігі шектеулі қоғамы. Тауар
Еуразиялық экономикалық одақтың ЕАЭО ТР 037/2016 "Электротехника және
радиоэлектроника бұйымдарында қауіпті заттардың қолданылуын шектеу туралы" техникалық
регламенті талаптарына сәйкес.

TM: Redmi.
Модель: M2006C3LG.
Кепілдік мерзімі: 1 жыл.
Құрылғының қызмет ету мерзімі: Өндірілген күнінен
бастап 2 жыл.
Өндірілген күні қаптамада көрсетілген.
Қытайда жасалған.

